

САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫ – САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЖҮКТЕМЕСІ

Аңдатпа

Жыл өткен сайын елімізде қосымша қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуге, салық тәуекелдерін төмендету арқылы отандық салық төлеушілердің бәсекеге қабілеттігін арттыруға мүмкіндік беру барысында салық төлемдерін тиімді басқарудың қажеттігі артуда. Дамыған елдер экономикасының даму тұрғысынан салыстырмалы түрде қарағанда, соңғы оншақты жылда Қазақстан салық жүйесі елеулі өзгерістерді бастан өткеруде. Заңнамаға жиі өзгерістердің енгізілуі отандық өндірушілердің қаржы-экономикалық қызметіне өз кері әсерін тигізбей қоймауы сөзсіз. Әсіресе, экономикалық дағдарыс жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілерге салық салу ерекше назарға ие. Себебі мемлекет салық құралдары арқылы экономиканы реттей алады және ынталандыра алады. Салық төлеушілер өз тарапынан салық заңнамасында болып жататын өзгерістерге жедел назар аудара білуі тиіс. Егер экономикалық тұрақтылық жағдайында салық заңнамасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар кері ықпалын тигізетін болса, дағдарыс кезінде уақытылы жасалған түзетулер экономикалық құлдырауды алдын алуға мүмкіндік береді. Салық ауыртпалығын жоспарлау мақсатында оны төмендетуге мүмкіндік беретін заңмен рұқсат етілген салық жеңілдіктері тәрізді қолдану үшін салық заңнамасындағы өзгерістерді қадағалап отыру өте маңызды. Мұндағы басты мақсат ең алдымен мемлекет пен салық төлеушілердің мүдделерінің тепе-теңдігін сақтау болып табылады. Яғни салық төлеуші заңмен рұқсат етілген әдістерді қолдана отырып, өз салық ауыртпалығын төмендетуге құқылы. Бұл жерде салық жоспарлауды оңтайландыру қажеттігі туындайды. Салық жоспарлауды оңтайландыру қолайлы салық сызбасын пайдалана отырып, салық төлеушіге ыңғайлы салық режимін қалыптастыру, салық шығындарын үнемдеу тәрізді экономикалық іс-әрекеттерді негіздеуді білдіреді. Мұндай салық жоспарлау әлемдік тәжірибеде кеңінен таралған.

Тірек сөздер: экономика, салықтар, бюджет, салық төлемдері, салық төлеуші, салық салу, заңнама.

Экономикалық дағдарыс тұсында мемлекеттің ендігі ұстанар бағыты халқымыздың әл-ауқатын төмендетпей, ел экономикасын тұрақтылығын сақтау. Осы орайда ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын шаруашылық жүргізуші субъектілер десек, олардың мемлекеттік алдындағы салық міндеттемесін орындау барысында туындайтын салық ауыртпалығы деген көрсеткішті назардан тыс қалдыруға болмайды.

Салық ауыртпалығы нақты уақыт аралығындағы салық мөлшерінің сол аралықтағы салық салынатын субъектінің табысына қатынасымен өлшенеді.

«Салықтық ауыртпалық» ұғымының тағы бірнеше анықтамаларын қарастырайық.

1. Макроэкономикалық деңгейде салықтық ауыртпалық бұл – қоғамның өмірінде салықтың рөлін сипаттайтын және салықтық жинаулардың жалпы соммасының ұлттық өнімнің жиынтығына қатынасы ретінде анықталатын жалпы көрсеткіш.

2. Салықтық ауыртпалық ұғымы бір бүтін мемлекет үшін алынатын салықтың жалпы сомасының ұлттық өнім жиынтығының көлеміне қатынасы ретінде, ал жекелей салық төлеуші үшін – бар есептелген салықтар мен салықтық төлемдердің сатылым көлеміне қатынасы ретінде түсіндіріледі [1].

Салық ауыртпалығының шығу тарихына келер болсақ, ресми түрде аталып отырмаса да салық пайда болған десек артық болмас еді. Себебі салық төлеуші салық және тағы басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлеу барысында қандай да бір өз игілігінің бөлігін мемлекетке қайтарымсыз береді. Соның нәтижесінде салық төлеуші белгілі бір көлемде шығын жасайды. Міне осы сипатта салықтар тауар-ақша қатынастарының ахуалына әсер етеді де, кез-келген салық белгілі бір көлемде салық төлеушіге өз ауыртпалығын тигізетіндігі көрініс береді.

Салық ауыртпалығы шаруашылық субъектілерінің дамуына немесе құлдырауына үлкен қозғаушы күш болып табылады. Салық ауыртпалығын жоғарылату шаруашылық субъектілерінің өндірісінің дамуына тежеуші әсер береді де, қандай да бір жеңілдіктердің берілуі кәсіпорынның өсіп, өркендеуіне мүмкіндік береді.

Салық ауыртпалығының деңгейіне әсер ететіндер:

- ♦ салық салу мақсатындағы келісім және есептік саясаттың элементтері;
- ♦ салық жеңілдіктері;
- ♦ салық элементтеріне тікелей әсер ететін мемлекет жүргізетін инвестициялық, бюджеттік және салық саясаттарының негізгі даму бағыттары;
- ♦ салық және міндеттермелер бойынша алынатын бюджеттік, инвестициялық және салықтық несиелер;

Қазақстан Республика территориясындағы оффшорлық немесе еркін экономикалық аймақтарда орналасқан шаруашылық субъектілердің бизнесі.

Қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде салық ауыртпалығы бірнеше түрге бөліп қарастырылады: экономиканың (мемлекеттік тұрғыдан) салық ауыртпалығы, халықтың салық ауыртпалығы және жұмысшы мен кәсіпорындардың салық ауыртпалығы. Осылай бөлу арқылы қалыптасқан иерархияны ұстана отырып, салық ауыртпалығын екі аспектіде қарастыруға болады: макродеңгей, яғни салық салу ауыртпалығының тұтастай бір елге (экономикаға және тұтастай халыққа тигізетін әсерін қарастыратын болса), микродеңгей – аталған ауыртпалықтың әлеуметтік топтарды құрайтын жұмысшының және қандай да бір кәсіпорындардың көтеретін салық ауыртпалығын қарастырады.

Халықтың салық ауыртпалығын экономист-ғалымдар түрлі жолдармен анықтауды ұсынады.

Салық ауыртпалығын сипаттайтын анықтаманың басқа нұсқасын М.И. Литвин ұсынды, оның нұсқасы бойынша «салық ауыртпалығына» мыналар кіреді:

- ♦ салық төлемдерінің саны;
- ♦ төлемдердің құрылымы;

М.И. Литвин ұсынған салық ауыртпалығын есептейтін әдістемесінде тиімді маңыздылық орын алады, өйткені ол кәсіпорынның пайдасының салық үлесін, сонымен қатар еңбекақы, амортизация, салық және шығарылған өнімнен түскен әр теңгенің пайдасының үлесін есептеуге мүмкіндік береді. Кері жағы салықтардың құрамына жеке тұлғалардың табыс салығының кіруінде, дегенмен ұйым салық агентінің рөлін атқарады.

М.И. Литвин ұсынған әдістемесінде салық ауыртпалығы салық және басқа да міндетті төлемдер санымен кәсіпорындағы салықтардың құрылымымен және салық салу механизммен байланысты. Кәсіпорындағы салық ауыртпалығын мынадай формула арқылы есептеуге болады:

$$T = ST / TV \times 100 \%,$$

мұндағы ST – барлық салықтардың сомасы;

TV – салықтарды төлеу үшін арналған қаржы сомасы.

Жалпы салықтар сомасына барлық төленген салықтар кіреді: ҚҚС, акциздер, табыс салығы, мүлік салығы, жер салығы және т.б.

Салықтарды төлеуге арналған қаржы сомаларына кәсіпорынның әр түрлі кірістері кіреді, оларға: сатудан түскен табыс, қалыптасу, бөлу процестері кезінде түскен пайдалар, жұмыскерлердің табыстары және т.б.

Дәл бұл әдіс арқылы әрбір нақты экономикалық субъектің ерекшелігін қарастыруға болады. Сонымен қатар, бұл әдісте әрбір кәсіпорынның ерекшелігі ескеріледі, яғни оның амортизациялық аударымдар үлесі, еңбек шығыны, қосылған құндағы материалдық шығындар. Алайда салық ауыртпалығын есептегенде жеке табыс салығын және жұмыскерлердің табыстары сияқты көрсеткіштерді қосу орынсыз.

М.Н. Крейнинаның салық ауыртпалығын анықтау әдістемесі салық пен оның көзін салыстыруға негізделеді [1].

$$CA = (\Theta\Theta T - \Theta\Theta Ш - НП) / (\Theta\Theta T - \Theta\Theta Ш) \times 100\% \text{ немесе } (\Theta\Theta T - \Theta\Theta Ш - НП) / НП \times 100\%,$$

мұндағы $\Theta\Theta T$ – өнім өткізуден түскен түсім;

$\Theta\Theta Ш$ – өнім өндіру шығыны (салықтарсыз);

НП – салық төлеушінің салық төлегеннен кейін, иелігінде қалатын нақты пайдасы.

Төлену көзіне байланысты әр салық тобы өзінің салық ауыртпалығын анықтау критерийіне ие және тура салықтардың салық төлеуші қызметінің нәтижесіне тигізетін әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Алайда жанама салықтардың салық ауыртпалығындағы үлесін жетіктікті деңгейде анықтаудың мүмкін болмауы бұл әдістеменің кемшілігі болып танылады.

Т.К.Островенко ұсынған әдістеме бойынша салық ауыртпалығының барлық көрсеткіштері жеке және жалпы болып бөлінеді [2].

Жалпы көрсеткіштерге мыналарды жатқызады:

- ♦ КТСА – кәсіпорын табысына салық ауыртпалығы;
- ♦ КҚРСА – кәсіпорын қаржы ресурстарына салық ауыртпалығы;
- ♦ МКСА – меншікті капиталға салық ауыртпалығы;
- ♦ ПСА – салық салынғанға дейінгі пайдаға түскен салық ауыртпалығы.

Осы көрсеткіштер негізінде салық ауыртпалығын мына формула бойынша анықтауды ұсынады:

$$\begin{aligned} \text{КТСА} &= \text{СШ} / \text{ӨӨТ} \\ \text{КҚРСА} &= \text{СШ} / \text{ВБ} \\ \text{МКСА} &= \text{СШ} / \text{МКС} \\ \text{ПСА} &= \text{СШ} / \text{П}, \end{aligned}$$

мұндағы СШ – салық төлеу шығындары;

ӨӨТ – өнім өткізуден түскен түсім;

ВБ – баланстың орташа жылдық валютасы;

МКС – меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы;

П – салық салынғанға дейінгі пайда.

Субъектінің салық ауыртпалығы туралы нақты ақпарат беретін жеке көрсеткіштерге өзіндік құн, өнім өткізуден түскен түсім, қаржы нәтижесі, таза пайда тәрізді көрсеткіштер енгізілген. Осыған сәйкес, салық ауыртпалығын дербес анықтайды. Т.К. Островенко ұсынған әдістеменің артықшылығы ретінде субъектінің қаржы есептілігінде келтірілген көрсеткіштердің барлығының қамтылуын атауға болады [3].

А. Кадушкин және Н. Михайловалар ұсынған есептеу әдісі өндірістің материалдық қорларға, еңбекақыны төлеуге және амортизацияға кеткен шығындардың ауытқуының өзгеруіне тәуелді салық ауыртпалығын есептеуге мүмкіндік береді. Ол есеп салық ауыртпалығын мемлекетке төленетін қосылған құнның үлесі ретінде есептейді. Бұған қоса салықтар оларды өтеу қайнарларымен арақатынастырылады.

А. Кадушкин және Н. Михайловалар өндеген әдістің кемшілігі жеке тұлғалардың табыс салығы есепке алынатындығында және мүлік салығы, табиғи қорларды қолдану үшін төлемдер, жер салығы сияқты салықтардың әсері керісінше есепке алынбауында.

Ұсынылған әдістеменің негізгі ұстанымдары мынадай:

♦ есепке кәсіпорындардың бюджеттік және бюджеттік емес қорларға аударатын барлық салықтық төлемдер, яғни есептелген төлемдер сомасы кіреді. Бұл төленген салықтар бойынша салық ауыртпалығын анықтау кезінде, әдетте салық ауыртпалығының нағыз деңгейін азайтумен байланысты;

♦ жеке тұлғалардың табыс салығы есепке алынбаған, өйткені ұйым салық төлеген кезде тек салық агенті ретінде ғана болады;

♦ салықтық төлемдермен арақатынастырылатын ортақ бөлгіші өнімнің қосылған құны болып табылады.

Сондықтан нақтыланған есептеу әдістемесі келесі басымдылықтарға ие:

♦ салық ауыртпалығын анықтау кезінде өнімнің өзіндік құны мен ұйымның табыс салықтары есепке алынғандықтан, салық ауыртпалығының деңгейін бағалау мүмкіншілігі;

♦ салық ауыртпалығын есептейтін формуланың арқасында төленетін салықтық төлемдер сомасын дәл есептеу, сонымен қатар есептеу кезіндегі қателіктерді біршама төмендету.

Кез-келген ұйым үшін өз билігінде нақты қаржы қорлардың бар болуы маңызды. Пайда сомасын есептеу әдісімен анықтағанда, нәтижесінде қосылған құн тиелген өнім көлеміне байланысты анықталады. Бірақ шаруашылық жүргізуші субъектінің жиналып қалған дебиторлық қарызы ұзақ мерзімге дейін өтелуі әбден мүмкін. Осыған орай, егер де ұйымның дебиторлары өнімнің ақшасын уақытылы төлеген жағдайда ағымдағы уақытта сатылған өнімнен түскен ақша әлдеқайда жоғары болар еді. Алынбаған ақша қаражаттарының өтемақысы ретінде, ұйымдар банктен кредит ретінде қарыз алуларына мәжбүр болады немесе кредиторлық қарыздарын жинақтауға тура келеді [4].

А. Кадушин және Н. Михайлова келесідей құрылымдық коэффициенттерді енгізді:

Ккқ – жалпы пайдадағы қосылған құнның үлесі:

$$Ккқ = ҚҚ/ЖП,$$

мұндағы ЖП – жалпы пайда;

ҚҚ – қосылған құн.

Кеш – қосылған құндағы еңбекақыны төлеуге кеткен шығындардың үлесі:

$$Кеш = ЕШ/ҚҚ,$$

мұндағы ЕШ – еңбекақыны төлеуге кеткен шығындар;

Кат – қосылған құндағы амортизациялық төлемдердің үлесі.

Е.А. Кированың әдістемесі бойынша салық ауыртпалығы абсолютті және салыстырмалы болып жіктеледі.

Абсолютті салық ауыртпалығы барлық салықтар мен бюджеттен тыс қорларға төленген төлемдердің қосындысы негізінде анықталады:

$$АСА = С + БТ + СҚ,$$

мұндағы АСА – абсолютті салық ауыртпалығы;

С – салық төлемдері;

БТ – бюджеттен тыс қорларға төлем;

СҚ – салық бойынша қарыздар сомалар.

Бұл жиынтық сома салық төлеушінің жалпы төлеген салық міндеттемесінің сомасын көрсеткенімен де, салық ауыртпалығын анықтамайды. Ол үшін Е.А. Кирова қайта құрылған құнды негізге ала отырып салыстырмалы салық ауыртпалығын анықтауды ұсынады [2].

$$ҚҚҚ = \Theta\ThetaТ - \Theta\ThetaШ - А + \Theta\ThetaТТ - \Theta\ThetaҚШ$$

немесе

$$ҚҚҚ = ЕШ + С + БТ + П,$$

мұндағы ҚҚҚ – қайта құрылған құн;

ΘΘТ – өнім өткізуден түскен түсім (ҚҚС-мен);

ΘΘШ – өнім өндіру шығыны;

А – амортизация;

ΘΘТТ – өнім өткізуден тыс түскен түсім;

ΘΘҚШ – өнім өндіруге қатысы жоқ шығындар (салықтарсыз);

ЕШ – еңбек ақы төлеу шығындары;

С – салық төлемдері;

БТ – бюджеттен тыс қорларға төлем;

П – пайда.

Нәтижесінде салыстырмалы салық ауыртпалығы:

$$ССА = (АСА / ҚҚҚ) \times 100 \%,$$

мұндағы ССА – салыстырмалы салық ауыртпалығы;

АСА – абсолютті салық ауыртпалығы;

ҚҚҚ – қайта құылған құн.

Бұл әдістеменің артықшылығы ретінде салық ауыртпалығының қызмет ету саласынан тәуелсіз барлық субъектілерге қолдану мүмкіндігін әрі объективті есептелетінін атауға болады. Алайда, салық ставкасының, жеңілдіктерінің өзгерісінің болашақ көрсеткіштерге қалай әсер ететінін болжаудың мүмкін болмауын аталмыш әдістемінің кемшілігі ретінде атауға болады.

Біздің ойымызша, салық ауыртпалығын есептейтін осы әдістерді салыстырсақ, М.И. Литвин ұсынған әдістемесінде – барлық салықтардың сомасы мен салықтарды төлеу үшін арналған қаржы сомасы көрсеткіштері қолданылады, ал А. Кадушкин мен Н. Михайловалар салық ауыртпалығын есептегенде қосымша құрылымдық коэффициенттер енгізіп, осы коэффициенттер арқылы салық ауыртпалығын есептеуге болады. Бірақ ең қиын есептелінетін әдіс – А. Кадушкин мен Н. Михайловалар ұсынған әдістемесі.

Демек, нақты субъектінің салық ауыртпалығын анықтау барысында бір әдіспен ғана шектелмей, салыстырмалы түрде екі-үш әдісті қолданғаны дұрыс. Нәтижесінде мұндай есептеулер мейлінше нақты мәлімет алуға, ағымдағы және болашақтағы оңтайлы басқарушылық шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Содержание понятия налогового бремени и факторы, на него влияющие: // <http://distribut.net/article/a-183-2.html>.
- 2 Кожевников Е.Б., Осадчая О.П. Методические аспекты определения налоговой нагрузки на интегрированную бизнес-структуру // Известия АГУ: электронный научный журнал. – 2011. – № 2–2(70).
- 3 Лукаш Ю.А. Оптимизация налогов: методы и схемы. – СПб.: ГроссМедиа, 2009. – 432 с.
- 4 Юрченко В.Р. Методологические аспекты расчета налоговой нагрузки // Финансы и кредит. – 2007. – № 20. – 79 с.

Аннотация

В нашей стране с каждым годом возрастает необходимость эффективного управления налоговыми платежами, которое позволяет не только получить дополнительные финансовые ресурсы, но и минимизировать налоговые риски, а следовательно, повысить конкурентоспособность отечественных налогоплательщиков. За последние десять лет, что по меркам экономик развитых стран является небольшим сроком, налоговая система Казахстана претерпела значительные изменения. Частые системные преобразования в законодательстве крайне негативно отражаются на финансово-хозяйственной деятельности отечественных производителей. Особого внимания заслуживает налогообложение хозяйствующих субъектов в условиях экономического кризиса, т.к. именно посредством налоговых инструментов государство способно регулировать и стимулировать экономику. Налогоплательщикам, в свою очередь, необходимо оперативно реагировать на изменения налогового законодательства. Если в стабильной экономике частые изменения налогового законодательства вызывают негативный эффект, то своевременные поправки, вносимые в период кризисных явлений, способны значительно ограничить экономический спад. Для планирования налогового бремени важно отслеживать изменения налогового законодательства с целью использования различных налоговых льгот и других предусмотренных законодательством способов уменьшения налогового бремени. Целью является в первую очередь соблюдение баланса интересов государства и налогоплательщиков, т.е. налогоплательщик вправе использовать предусмотренные законодательством способы оптимизации налоговых платежей и тем самым снизить налоговую нагрузку. В этом случае речь идет об оптимизационном налоговом планировании, которое основано на использовании оптимизационных налоговых схем, т.е. способов оформления и представления экономических действий, позволяющих налогоплательщику применить благоприятный налоговый режим и получить экономию по уплате налогов. Этот вид налогового планирования является самым распространенным в мировой практике.

Ключевые слова: экономика, налоги, бюджет, налоговые платежи, налогоплательщик, налогообложение, законодательство.

Abstract

In our country, every year the need for effective management of tax payments increases, which allows not only to obtain additional financial resources, but also to minimize tax risks and, consequently, improve the competitiveness of domestic taxpayers. Over the past decade, that by the standards of developed economies is a short time, the tax system of Kazakhstan has undergone significant changes. Frequent systemic changes in the law negatively affect the financial and economic activities of domestic producers. Of particular note is the taxation of business entities in the economic crisis, because the state can regulate and stimulate the economy through tax instruments. Taxpayers, in turn, need to respond quickly to changes in tax legislation. If in a stable economy, frequent changes in legislation cause a negative effect, the timely amendment introduced during the crisis, can significantly limit the economic downturn. For planning the tax burden it is important to keep track of changes in tax legislation in order to use various tax incentives and other means provided for by the legislation reducing the tax burden. The aim is primarily balancing the interests of the state and taxpayers. Tax planning optimization based on the use of tax optimization schemes, that is, ways of registration and representation of economic activities that allow the taxpayer to apply a favorable tax regime and savings on taxes. This type of tax planning is the most common in the world practice.

Key words: economics, taxes, budget, tax payments, tax payer, taxation, legislation.